

topreferat.com  
Қазақша рефераттар...

topreferat.com  
Қазақша рефераттар...

Машһар Гутеров шығармашылығына балалар мәселесі

topreferat.com  
Қазақша рефераттар...

topreferat.com  
Қазақша рефераттар...

topreferat.com  
Қазақша рефераттар...

topreferat.com  
Қазақша рефераттар...

## Мазмұны

Кіріспе.....	3-5
XX ғ. Қазақ балалар әдебиетінің дамуы.....	3-5
Тарау I. М. Гүмеров шығармаларында қолданылған көріктеу тәсілдері....	6-17
II. Негізгі бөлім	
2.1. Ата-ана баланың рухани тірегі.....	18-19
2.2. Бала өмірінің айнасы - ұстаз .....	19-20
2.3. Сынып- баланы тәрбиелейтін орта .....	21-22
2.4. «Ерегіс» әңгімесіндегі балалар бала тәрбиесі жөніндегі негізгі бағыттар.....	22-25
III. Практикалық жұмыс	
<u>3- сыныптың ана-тілі Гүмеров «Орысша да білмейді» әңгімесінен сабақ жоспары.....</u>	<u>26-27</u>
Қорытынды.....	28-29
Гүмеров шығармалары өшпес мұра.....	28-29
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	30-31

## КІРІСПЕ

Жұмыстың өзектілігі Қазақ балалар әдебиеті - өз даму кезеңінде өзіндік тарихы бар сала. Балаларға арналған әдебиет ұлт тарихында сонау ауыз әдебиетінен бастау алып, қазіргі кезеңге дейін өзінң тілдік, стильдік жағынан, мазмұны мен құрылымы жағынан үлкен белеске көтерілді.

Көркем әдебиеттердегі баланың, яғни кейіпкердің тілдік ерекшелігі мен сөз қолданысы, эстетикалық таным деңгейіне сай символдық таңбалардың қалыптасуының өзіндік ерекшелігі де бар. Осы орайда, жекелеген ақын-жазушылардың тілдік тұлғасын қарастырған зерттеу еңбектері болғанымен белгілі бір кезеңге тән балалар тақырыбына жазылған шығармалардағы кейіпкердің тілдік ерекшелігін, ой-таным мен болмыс-бітімін салыстыра отырып, оны антропоцентристік аспектіде, жас ерекшелік психологиясына сай бала танымның этностың танымдық дүниесімен тығыз байланыстыра зерттеу осы кезге дейін қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистикада арнайы қарастырылмағаны белгілі. Осыған байланысты таным – мәдениет – тіл ұштығының принциптері негізінде, балалар шығармаларындағы кейіпкерлердің танымдық ерекшелігін тілдік фактілер арқылы когнитивтік құрылым тұрғысында ғылыми талдау қай кезде болса өзекті мәселе болып табылады.

Қазіргі қазақ тіл білімі өзінң дамуында жаңа бағытты басынан өткеріп отыр. Тілді психолингвистикалық, когнитивтік тұрғыдан қарастыру арқылы тілші ғалымдар тілдік бірліктердің антропоцентристік сипатын ашуға мүмкіндік алды. Бұл орайда ономат ғалым Б.Тілеубердиев «Когнитивтік лингвистика жалқы есімдерді зерттеуде жаңа бағыттарға жол ашады, бұл дегеніміз бұған дейінгі этнолингвистикалық, дәстүрлі, жүйелі-құрылымдық, лингвомәдениеттанымдық, әлеуметтік лингвистикалық парадигмаларды жоққа шығармайды, қайта керісінше ономатикалық процестерді жаңа тұрғыдан көрсету мен ұғындыра ұлттылық жасайды». Осыған орай, біздің мақсатымыз қазақ балалар әдебиетінің ономатикалық кеңістігіндегі жалқы есімдерді тану, ондағы бала санасы арқылы дүниені тану мен қабылдаудың мәнін ашу болып табылады.

М.Гумеров қазақ балалар әдебиетінде ерекше қолданба жалдырған тұлғалар. Атақты жазушылардың шығармаларындағы кейіпкерлер мен олардың лақап аттары, жер-су атауларының мәні ұлттық таным мен болмысқа, психологиялық танымға негізделген. Балаларға арналған әңгімелері мен повестерінде дүниені танудағы жас ерекшелік психологиясы

мен танымның когнитивтік санадағы көрінісі айрықша рең беріп тұрады. Ұлттың болмысына қатысты мұндай құбылыс «Ортаншы ұл» шығармасында былай суреттеледі: Тақыр бас бала тақырдап біраз сөйледі. Алмастың ұрқаны, Өлместің шын аты Өлкебай екен. Көршілердегі бір келіншек қайыңғасының атын атамау үшін, оны ойнап жүрмен балалардың көзінше шын «Өлмес» дей беріпті. Бұл сөз бірте-бірте балалардың құлағына сіңіп, ақыры олар оны «Өлмес» деп атай бастапты. Мұндағы бір көрініс, қазақ халқындағы отбасына келіп түскен келіндердің жаңа түскен үйдегі адамдардың атын атамай, астарлап жеткізудің әсерінен болғанын байқатса, халқымыздығы ырым-тыйым сөздердің әсері де болғанын көрсетеді. Мұның өзі адамзаттың, оның ішінде қазақ халқы, қай кезеңде өмір сүрсе де ұлттық таным мен ойлаудың ежелгі дәстүрлі тәжірибесіне сүйенетінін байқатады. Жалпы, жалқы есімдер өз бойында белгілі бір кезеңге, тіпті тұтас бір елдің тарихына қатысты ақпараттарды жинақтай отырып, көркем мәтіндегі қолданыста ерекше маңызды рөл атқаруы мүмкін.

Бала санасында қалыптасқан және баланың физиологиялық, психологиялық мүмкінділігін көрсететін дүние – ойындарлығы. Бала қай жаста болмасын, қандай жағдайда болмасын ойынға деген ынтасы ерекше болады. Сондықтан халқымызда балаға арналып айтылған «ойын баласы» деген тіркес қалыптасқан. Осыған орай тілімізде «асық ойнаған азар, дөп ойнаған тозар» тұрақты тіркесінің жні айтылатыны тағы бар. Айта берсе, балалар ойнайтын ойын түрлері де көп. Осы ойын түрлеріне қатысты тілдік бірліктер яры балалар әдебиетіндегі «Ойын баласы» микроконцептісінің тірек таңбалар қатарын толықтырады. Бұл концептілік құрылым М.Гумеров шығармаларында бала танымның сипаттауда ерекше рөл атқарады. Мысалы, «Жетпісбай атайдың әңгімелері» атты әңгімесінде: Бір жерде жігіттер «городки» ойнап жатыр екен. Ол – ұзындығы бір сүйемдей кестелтек ағаштарды неше түрлі етіп тігіп, соларды көздей таяқ лақтырып, арнаулы сызықтан соғып шығаратын ойын; Күні бойы футбол ойнап, әбден қалжырадым. Ойын үстінде дәршғаның онша аңғарыпмайды. Енді міне, деп-сал болып, өзімді өзім ерең сүйреп келе жатырмын; Құйылған мол сөзге қыз көзіне дереу ақ шұбарек тарта салып еді, бірер секундқа түк көрмей ауа қармалып қалды. Ұйымын шайдай ашылып, балбырап жатқан қыз бала алма кезек қуаласқан бұл соқыртеке ойынға ынта-шыңтымен араласып кетті деген мысалдарындағы футбол, соқыртеке, городки тәрізді ойын түрлеріне қатысты бала қабылдауындағы ақпараттарды индивидтің өзі өмір сүретін ортасына әрі тәуелділігін білдіріп, әрі оның интеллектуальды, рухани дүниесін сипаттайды. Балалар тақырыбына жазылған шығармаларда авторлар өз

кейіпкерінің дүниетанымы мен болмысын, жүрісқан ортамен қарық қатынасын, жеке қасиеттерін шынайы түрде бейнелеуге ерекше мән берген.

#### **Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.**

Зерттеудің негізгі мақсаты – қазіргі балалар әдебиетіндегі Машқар Гумеров шығармалары мен әңгімелеріндегі қозғалған балалар мәселесін қамту. Бұл мәселелерді анықтау үшін мынадай **міндеттер** қойылды:

- балалар әдебиетіндегі кейіпкерлердің тілдік құралдарды – фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, диалект сөздер, өзге де көріктеуші тәсілдерді қолдану аясында кейіпкердің тілдік тұлғасын анықтау;

- М.Гумеров шығармаларының ұлттық мазмұны негізінде көркем тілінің концептуалдық құрылымын анықтау;

- балалар әдебиеті кейіпкерлерінің санасындағы эстетикалық танымға сәйкес символдық ұғымдардың қалыптасуын нақты дәйектеу;

- М.Гумеров шығармаларындағы кейіпкердің сөйлеу мәдениетіне тілдік тұлға тұрғысынан сипаттама беру;

- шығармада қолданылған символдерді қазақ тілінің ономастикалық концептосферасындағы құрылымдармен сәйкестендіре қарастыру;

- балалар тақырыбына арналған шығармалар тілінің бала танымшының психолінгвистикалық ерекшелігін анықтаудағы мәнін ашу.

**Зерттеу жұмысының нысаны** ретінде тіл біліміндегі лингвокогнитивтік, психолінгвистикалық зерттеудің жаңа бағыттарында анықталған танымға сәйкес балалар әдебиеті кейіпкерлерінің тілдік тұлғасы алынды.

Жұмыстың кіріспесінде тақырыптың өзектілігі негізделіп, зерттеу нысаны, мақсат-міндеттері, қолданылған әдіс-тәсілдер, жұмыстың ғылыми жаңалығы мен нәтижелері, теориялық маңыздылығы мен практикалық құндылығы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдар жинақталып баяндалды. Әр тараудың соңында және қорытындыда тұжырымдар беріледі.

**Тарау I. М. Гүлеров шығармаларында қолданылған көріктеу тәсілдері**

Жазушы шығармаларындағы жалпы есімдер қаламгердің өскен ортасы мен дүниетанымы тұрғысынан ұлттық болмысқа негізделген.

Машқар Гүлеров өз шығармаларында ономастикалық атауларды талғалмен қолдана отырып, оған төн мәдени ақпараттарды бала санасында қалыптастыруға ерекше көңіл бөлген. Яғни, әрбір атауды бере отырып, оның шығу тарихына тоқтала кетуді мақсат еткен. Әсіресе, қаламгердің Шұңқыртомар, Қорасал атауларына берген түсіндірмелері осыған дәлел. Мысалы: Ауылдың шығыс жағындағы осы бір үлкен көлдің аты Қорасал. Бұлай аталған себебі: көлдің орта тұсына таман екі арал бар. Тұрмысқа қолайлы көлді жағалай үш ауыл қоныс тепкен. Соның бірі- осы Қорасал, екіншісі- теріскей жақта, бір жарым шақырым жердегі Жалтыр. Көлхоз орталығы да жеті жылдық мектеп те сонда [1].

Бала қай жаста болмасын, қандай жағдайда болмасын ойынға деген ынтасы ерекше болады. Сондықтан халқымызда балаға арналып айтылған «ойын баласы» деген тіркес қалыптасқан. Осыған орай тілімізде «асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» тұрақты тіркесінің жиі айтылатыны тағы бар. Айта берсе, балалар ойнайтын ойын түрлері де көп. Осы ойын түрлеріне қатысты тілдік бірліктер қоры балалар әдебиетіндегі «Ойын баласы» микроконцептінің тірек таңбалар қатарын толықтырады. Бұл концептілік құрылым М.Гүлеров шығармаларында бала танымын сипаттауда ерекше рөл атқарады. Мысалы, «Жетпісбай ағайдың әңгімелері» атты әңгімесінде: Бір жерде жігіттер «городки» ойнап жатыр екен. Ол – ұзындығы бір сүйемдей кеспелтек ағаштарды неше түрлі етіп тігіп, соларды көздей таяқ лақтырып, арнаулы сызықтан соғып шығаратын ойын деген мысалдарындағы городки теріс ойын түрлеріне қатысты бала қабылдауындағы ақпараттарды индивидтің өзі өмір сүретін ортасына әрі тәуелділігін білдіріп, әрі оның интеллектуальды, рухани дүниесін сипаттайды. Балалар тақырыбына жазылған шығармаларда авторлар өз кейіпкерінің дүниетанымы мен болмысын, қоршаған ортамен қарым-қатынасын, жеке қасиеттерін шынайы түрде бейнелеуге ерекше мән берген [2].

Кез келген халықтың мәдениеті сол ұлттың дүниетанымы мен талғалына тікелей байланысты болып келеді. Халық эстетикалық талғамның нәтижесінде қоршаған ортадан мол ақпарат жинақтайды. Мұның барлығы ұлттық танымының жүйесін құрайтыны анық. Соның бірі жас ерекшеліктің деңгейіне байланысты қоршаған ортаны, дүниені эстетикалық танудың мектеп оқушылары санасында объективтенуі болып табылады. Жалпы, балалар әдебиеті кейіпкерлерінің тілінде жалпы есімдердің қолданылуында

айтарлықтай ерекшеліктер жоқ. Себебі, балалар әдебиетінің негізгі кейіпкері де, оқырманы да – бала. Сол үшін автор әрбір жалпы есімдерді қолдануда оған байланысты мәдени ақпараттарды – аңыз-әңгімелер, тарихи оқиғалар, қоршаған ортаға тән белгілерді балаға ұғынықты, қабылдауға ыңғайлы етіп қолданады.

Қазіргі кезде лингвистикалық зерттеулерді жазушының таза тілдік ерекшеліктері, яғни стильдік, сөз қолдану, керіктеу құралдарын қолдану ерекшеліктері т.б. сипатта қарастырумен ғана шектеуге болмайды. Мысалы, көркем мәтіндегі тұрақты тіркестер сөздің эмоциялық – экспрессиялық мәнін арттырады. Мұндай тұрақты тіркестер арқылы жазушы шығармаларында ұлттық болмыс пен танымның белгісі айқын аңғарылады. Мысалы: Жоламан тез-тез адымдап, үй орнындай жерге топтала өскен доланаға таяғанда, Кәрішалдың даусы пышақ кесті тына қалды деген сөйлемдердегі тұрақты тіркестер арқылы ақпаратты ықшам, бейнелі түрде берудің өзіндік қолтанбасын көрсетеді.

Тұрақты тіркестердің бұл қырының жарқын көрінісін сөз шеберлерінің тезінен өтіп, шығармашылық көрігінде шындалған көркем туындылардан кездестіруге болады. М.Гумеров те мұндай тәсілдерді өте сәтті қолдана білген. Мысалы: Шал да, Мұхамеді да, әйелдері да, тіпті кішкентай Садық та мал емес, ең бір алулы жақын адамдары өлгендей көздерінің жасы көл болып, еңіреп жүр деген сөйлемдерден екі қаламгердің кейіпкер психологиясы мен танымын тұрақты тіркестер арқылы шебер суреттеуін айқын аңғарамыз.

Тілдегі дағдылы қолданыстан тыс құбылысты және көркем шығармадағы қолданысына қатысты авторлық шығармашылық, стиль табиғатын таңдау мәмактесетін, негіз болатын ерекше мәнді бір заңдылық бар. Ол – окказионализм құбылысы. М.Гумеров шығармаларына талдау жасай отырып, қаламгерлердің осы дәстүрді шебер пайдалана білгеніне айқын көзіміз жетті. Мысалы: Отқа тақау үлкен қара табаға жабылған төрелкенің астынан құймақтардың құлағы қыптияды. т.б мысалдардағы құймақтың құлағы қыптияды т.б. авторлық қолданыстардың сәтті пайдаланылғанын байқаймыз [3].

Көркем әдебиетте көп қолданылатын тілдің керіктеуші тәсілдерінің бірі – мақал-мәтелдер. Балалар әдебиетіндегі кейіпкер тілінде де мақал мен ойды беруде қолданылған мақал-мәтелдердің қызметі ерекше. Бұл турасында зерттеуші Ш.Қарсыбекова: «Мақал-мәтелдер – қазақ этносына тән дүниетаным мен сананың айқын айғағы, халық даналығы мен философиялық

толғанысының, эстетикалық таным мен тәғлым-тәлімінің, өркеніеті мен мәдениетінің – барша болмысының айғағы» деген пайымдау айтады.

Мұндай орындама үйлесімді қолданылған мақал-мәтелдер көріктеуші құрал ретінде мәтін тілін жаңдандыра әсерлендіруге қызмет етіп, белгілі бір құбылыстың негізін дәл бейнелеуде өзіндік ерекшеліктерімен жұмсалады. Мысалы М.Гумеров шығармасындағы: Жаңыл ұлына: - Е, жындымсың? – деп елеусіз жымың қағып, - «Сезікті секірет» деген «Ел құлағы елу» деген емес пе. Жұрт кеңседегі шешім жайынан әл-сәтте хабарланып та үлгеріпті тәрізді мақал-мәтелдерде атадан балаға мұрас болып келе жатқан ұлттық этникалық көзқарас пен салт санасы нақты берілген және бұл мақал-мәтелдерден халықтың бағзы замандардан келе жатқан этносқа тән өмір тәжірибесінің көрінісін байқауға болады [4].

Көркем әдебиет тілі туралы сөз болғанда, әдетте оны құрайтын екі компонентті ескермесе болмайды. Олардың бірі – авторлық балдаудажы тіл де, екіншісі – кейіпкер тілі.

Көркем шығармада кейіпкер табиғатын, болмысын ашуға маңызды көріктеуші құралдарының бірі – диалог. Бұл жазушының когнитивтік таным мен талғамына, шеберлігіне байланысты. Мысалы, «Үш күн, үш түн» әңгімесінде бала психологиясындағы қымсыну, сөзге сараңдықтың белгілерін бейнелей береді:

-Немене, поездан қалып қойдың ба?

-Иә.

-Түү-у, ашықауыз-ай, Мына аязда вагонда отырсаң болмады ма? –

Бишәтің бар ма?

-Жоқ.

-Түү-у! Поезға қайдан отырып ең?

-Қызықардан деген үзіндіде диалогтың құрылымдық қызметі тиімді пайдаланылған. Диалог ауызекі сөйлеу тіліне жататын қарапайым сөздердің қатысуымен жасалған. Қаламгер кейіпкер аузына түрлі сөз орамдарын салу арқылы мінезін, атқаратын қызметін, өскен ортасын және қарым-қатынас жасайтын адамдарды әр қырынан көрсетіп тұр.

Көркем шығармадағы кейіпкер тілінің жасалуы туралы академик Р.Сыздық: «Көркем шығарма тілін талдағанда жазушының суреткерлік шеберлігі мен эстетикалық мүмкіндігін тануға болады. Жазушының өз шығармасының поэтикалық деңгейіне сай етіп тілдік құралдарға жүк арта алады ма, әр сөздің, фразаның құдіретін дұрыс танып, олардың барша потенциалды қабілетін жарата білді ме деген жайттар осы әңгімеден



туындайды» деген пікір білдіреді. Прозалық шығармаларда автор диалогты түрлі сипатта қолдана отырып стильдік маңғатта құрады.

М.Гумеров та монологты беруде кейіпкер тілінің ерекшелігіне аса мән берген секілді. Ішкі монолог кейіпкердің ой-сезімін жеткізетін, автор сөзі тұрғысынан берілген. Берілу тәсілінің өзі де ішкі монологтың табиғатына тән қасиетпен, яғни эстетикалық таным арқылы келген.

Шығармада бала ойының монолог арқылы берілу құбылысы «Қала және қыз бала» әңгімесіндегі басты кейіпкер Айгүлдің: «Аспандап ұшқан ақ құстар-ау, білесіңдер-білмейсіңдер, бойыма біткен бар ақтығым мен пәктігімді сендерге сыйладым, ол аз болса, күміс қоныраудай сыңғырлаған ән-үнімді қоса ұсынып, асып мен жасып қасиетімнің бәрін қарымта тілемей құрбан еттім. Аяққа жығылып сұрайтыным – айналып кел, алақанымға бір қонып кетіндер, асып мен жасыптың бодауы, қайтқан қаруы сол болғай! Көп көргімей қонып кетіндер деген монологы арқылы бала психологиясының тағы бір қырын аша түскен [5].

Көркем прозадағы бейнелеу тәсілдерінің бірі – мінездеу. Шығармада кейіпкер характерін суреттеу, оның кескін-келбетін, сөйлеу мәнері мен психологиялық көріністерін, мимикасын бейнелеу шығарманың жазылуы мен композициялық құрылымын жетілдіруде маңызы зор. Мысалы, Мән болсам ағайыма тартығаным, тез ысып, тез суығым. Біза болсам күйіп-жанып дызақтап кетем. Ойланбай істеп, ойланбай сөйлеп, өкінетін кездерім көп болады. Соңынан сол үшін өзімді өзім жөк көріп жүрем. Ал Саматтың жүріс-тұрысы, жаратылысы, бас терісі басқа жаратылған бала. Қазан бас сары, бұйығы, тік мінез. Жүрісі сыпбыр, сөзі аз т.б. мысалдардан шығармадағы кейіпкердің шынайы мінез-құлқын, психологиялық ахуалын, көзқарасын анық байқауға болады [6].

Көркем шығармада жиі кездесетін көріктеу тәсілдерінің бірі – суреттеу. Оқиға құбылысы жайын, кейіпкердің сыртқы бейнесін, мінез-құлқын беруде болсын жазушы суреттеуге көп барады. Суреттеу арқылы қаламгерлер өз кейіпкерінің нақты образын, түрін, болмысын дәл беруге тырысады. Мысалы: Бойы менің бойымнан мұншалық ұзын, жуан мойның, сом денелі қарынды кісі екен. Түсі құрлау, көздері кішілеу адам екен. Құлақ-мұрны өрні жырым-жырым, беттерінің әр жері тыртық, саусақтарына қарасаң, бір саусағының өзі менің мына үш саусағымдай екен. Қап-қалың еріндері сөйлегенде қыпте келмей, сөзді добалдап бұзыламырап сөйлейді терізді суреттеуде М. Гумеровтың көркемдік әлемінде кейіпкер әрекеті мен болмысына, өмір сүру ортасына тән психологиялық мән жатыр. Былай берілген: Біздің ауылда Жетпісбай атты бір ағай бар. Әр кезде түрлі

себептермен оның жеті мүшесі зақымдалған екен. Атап айтқанда: 1. Оң көзі жоқ, орнында тек ағарандыған без сияқты ет бұлтқып тұрады. 2. Сол қолы жағы жұлынған, содан түтін жағы шықты түрісіп қалған. 3. Мұрны сол жағына қарай қисық, сол себепті оң жақ танауы үңірейіп көрінеді. 4. Аяғы ақсақ. 5. Сол қолы шалақ, шынтағына дейін жоқ.

Қазіргі кезеңде қазақ тілінің қоғамдық-әлеуметтік қызметінің өрістеуі, дамуымен байланысты әдеби тілдің функционалдық-стильдік жақтан саралану үрдісі тереңдей түсті. Осыған байланысты диалектизмдерді де әдеби тілдің нормасымен сыйыспайды деген қауіптен тәрі жергілікті тіл ерекшеліктері ұлттық әдеби тілді байытудың қайнар көзі деген пікірлер де көп айтыла бастады. Бұл құбылыс көркем шығармалардағы балалар тақырыбына жазылған әдебиеттердің тілінде жергілікті тілдің ерекшеліктеріне орай шынайы берілген. Мысалы, қаламгерлер өз шығармаларында диалект сөздерді бала тілінің қолданысына сай былайша береді: Арық тізесі ағаштай бұрайып, көгін тіреген аурушақ шешем жез шәутімнен ақ су құйып отыр. Жарты сағаттай әуреленіп, бір құшақ шәуім зорға жұттым. «Шіркін, шотаяқ болса! – деймін өзіміздің қораны еске алып. – Онда мына мағны өй-оңай үнгіп кірер едім». Электр шамдары сонау аумақта ауланың дарбазасынан басталды да, соңсын сенекке күре берісте, сенектің ішінде, коридорда, белмелерде бірден-бір жарқырап тұр деген мысалдардағы шәуім, шотаяқ, сенек т.б. тілдік бірліктер белгілі бір аймақта айтылатын сөз сол өңірдегі тұрғындардың кәсібіне, шаруашылығы мен мәдениетіне, өнер мен салт-дәстүріне т.б. байланысты этнолингвистикалық лексиканың құрамында әдеби тілді байытуда пайдасы орасан зор [7].

Керіктеуіш құралдар – шығарманың өңін кіргізетін ең ұтымды тәсіл. Оның ішінде теңеулердің мәні ерекше зор. Сондай-ақ автор тілінде теңеулер өңдеуден өтіп, жаңаша қырынан көрініс береді. Мысалы: Оның ақ шаршысының шетінен көрінген шашы қабырғадағы кішкене әйнектен түскен күн сәулесімен шағылысып, ақудың мамығындай ағара үлгілдейді. т.б. Бұл тілдік тәсілдердің барлығы да көркем шығармада белгілі бір стильдік мақсаттарға орай қолданылатынын байқаймыз. Керіктеуіш құралдар кейіпкердің мінез-құлқын, психологиялық ахуалын, эмоциясын дәл беруге жағдай жасайды. Бұл айтылған мәселелер балалар әдебиетінің кейіпкерлерімен тығыз байланысты. Себебі, бала тілінде де ұлттық рухани құндылығы ретінде ана тілінің бейнелі сөз оралымдары жиі қолданылады.

Көркем әдебиеттерде кездесетін кісі есімдерінің ендігі бір түрі – лақап аттар. Алдын-ала анықталмай, таңдау нәтижесінде пайда болған есімдердің қатарына осы лақап аттарды жатқызуға болатын тәрізді. Себебі, көркем

шығармадағы лақап аттар автордың шығарма тақырыбы мен мазмұнына сәйкес ондағы кейіпкерлердің жас ерекшелігіне байланысты әдейі таңдап алынған есімдер болып келеді. Бұл - балалар әдебиетінің кейіпкерлеріне тән дүние. Біз өз жұмысымызда профессор Т.Жандарқиятың: «Лақап есімдердің табиғатын, оның әртүрлі қасиет-сипаттарын социолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің мәні айтарлықтай. Лақап есімдердің түрлері, әрбір адамның мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, адамдармен өзара қатысына т.б. байланысына таянып лақап есімдер тілімізде аз емес. ...Әсіресе мектеп оқушыларының лақап есімдерін социолингвистикалық тұрғыдан зерттеу өте қызықты да, ғылыми тұрғыдан салмақты болары сөзсіз» деген пікірін басымызға алдық.

Көркем әдебиеттегі балалар тақырыбына жазылған шығармаларда кейіпкерге лақап есім яғни өзіндік ерекшелігі де бар. Ол шығармадағы кейіпкерлердің жас ерекшелігі, іс-әрекеті, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, келбетіне байланысты лақап есімдерді дәл тауып алуы. Мысалы, «Сабаз бен Нөкербек» әңгімесіндегі: Құндыстың суық теге бастағанда, бала-шаға қаптал кетті. Уақ балаларды былай қойғанда, үткендеулерінен Сабаз, Нөкербек, Өміртай, Кетік Кетөбек, Шұнақ Шотбай, Тағай таз, Денмұрын – бәрі сонда деген мысалдардан шығарма кейіпкерлерінің есімдері осыны аңғартады. Бұл сонымен бірге балалар арасында кез келген есімге лақап ат беруде объектіге қатысты физияологиялық, психологиялық фактілерді қалт жабәрмей, дәл қол білетінін көрсетеді [8].

Бала ұғымына қатысты білімдердің концептуалдық жүйесін сонау ауыл әдебиеті үлгілерінен бері қарай топтастырсақ, онда халқымыздағы бесік жыр, ертегілер, аңыздар, батырлар жырнан бастау алып, бүгінгі біз сөз етіп отырған ақын-жазушылардың шығармаларымен тығыз байланысып жатыр. Оның ішінде поэтикалық мәтіндер мен прозалық шығармалардың тілдік тұрғысындағы бірегейлік пен концептуалдық ұқсастық анық байқалып тұрады. Ал біз қарастырып отырған қаламгерлердің шығармаларындағы «Жалғыздық» концептісі де ұлттық таным тұрғысынан айқын көрсетілген. Біз зерттеу нысаны етіп алып отырған қаламгерлердің қайсысын алып қарасақ та бір ерекшелігі сол, шығармаларындағы кейіпкерлердің негізі ата-анасының жалғыз болуында.

Балалар тақырыбына жазылған шығармаларда жазушының танымдық білімдер жүйесін зерделейтін концептінің бірі – «Бала» концептісі. Аталған концептілік мағылалы жоғарыда айтылған үш қаламгердің тілінде ерекше сипатқа ие. Мысалы, «Қала және қыз бала» әңгімесінде Кіріп барсам, өңдей үтір-шүтір ұзақ бала белмені басына көтеріп, у да шу. Кейбірі асыр салып, қым-қуат ойнап жүр. Екеу-үшеуі шексіз үштерген бе, ұрттары салбырап,

бұрыш-бұрышта томсырайып отыр деген мысалдан, «Мен... Менікі...Мазан» әңгімесіндегі. Баланы ұрсып-зекіп немесе ұрып-соғып тәрбиелеу. Төты әжейдің әдетінде жой-ты. Өйтіп қорқытып тәрбиелеген бала өсе келе жасқаншақ, жағылмас адалға айналады, әйтпесе, керісінше, кектеніп жауыз болып өседі деген мысалдарда берілген көркем әдебиет стилінің қай тұрғыдан қарасақ та автордың айтпақ ойың, сезімің, санадағы түсінігін таныту үшін қолданылып тұрғаны белгілі.

Балалар тақырыбына жазылған көркем шығармалардағы кейіпкердің тілдік тұлғасын қарастыра отырып, жазушылардың тақырыптық, мазмұндық және концептілік жүйенің құрылымы жағынан стилі бір-біріне өте жақын екенін байқадық. Мысалы, «Достық» концептісінің вербалдануын мына мысалдардан көруге болады: Осы тектес сауал Сабаздың өзін де мазалап келе жатқан-ды. Досы мұның ойының үстінен түсіп отыр. Егер өстетін болса, бұлар өздерінен бірер жасы кіші Тоғайдың обалына қалады ғой.

Балалар әдебиетіндегі кейіпкердің таным мәселесін концепті тұрғысынан қарастыру арқылы ұлттық болмыстың тілдегі көрінісі, сөз фактілері мен ұлттық құндылықтар жүйесін, қалықтың танымдық, этика-эстетикалық категорияларын, рухани мәдениетін тану, олардың қызметі мен орнын анықтау деп түйіндеуге болады. Осы орайда когнитивтік лингвистика пәнінің зерттеу объектісінің ауқымы ұлттық мәдениеттің және рухани құндылықтардың тілдегі көрінісі көркем шығармаларда берілуі арқылы кеңейе түсетіні байқалады. Мысалы, «Достық» концептісін құрайтын «Ел құлағы елу», «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» дейді қалық. Әркімнің-ақ сырын ашатын үш-төрт жақын адамы, сендерше айтқанда досы болады. Ол достарының да сыр шешетін үш-төрт досы бар емес пе? деген сөйлемдерде достық туралы тілдік ақпараттар берілгенімен, негізгі мазмұн толық көрсетілмеген. Оның себебі шығарма толықтай достық тақырыбына құрылмаған, тек кейбір фрагменттер беріліп отырған.

Мектеп жасындағы бала танымдында «екі», «үш» - жаман деген мәнді, «төрт» пен «бес» - жақсы деген ұғымды жинақтайды. Біз жұмысымызда мұны «Баға» концептісі деп қарастырдық. Бұл жас ерекшелік психологиясына сай, бала санасындағы «жақсы», «жаман» ұғымын біра білдіреді [8].

- «Үш» дейсің, ә? Сабағың мәз емес-ау, балам. Бүркілбай шал баласын дұрыстал баға алмады, - дейді ғой жұрт

«Баға» - экономика саласының термині ретінде белгілі. «Баға» алыс-берістің көзжесін белгілейді. Бұл атау мектеп оқушысының ой-танымдында

білім деңгейін жамаң, орта жақсы, өте жақсы деп бағалайтын ұғым ретінде қалыптасқан.

Мектеп оқушысындағы танымдық білімдер жүйесі ең бірінші өзін қоршаған ортамен, күнделікті қарым-қатынас дәрежесінде тығыз байланысты. Мысалы, бала санасына ең жақын ұғымдарға – мектеп, оқулық, күнделік, класс, сабақ тәрізді сөздерді жатқызсақ, мектеп оқушысының күнделікті іс-әрекеті осы ұғымдармен тығыз байланысты және осы ұғымдар туралы белгілі бір деңгейдегі әлеуметтік, мәдени ақпараттардың жиынтығы «Мектеп» концептісінің ассоциативтік өрісін құрайды. Бірақ бала танымсындағы концептілік құрылымның барлығы бір деңгейде болмайды. «Мектеп» концептісін алсақ, қоршаған ортаның әлеуметтік жағдайына сай түрлі сипатта объективтенетінін байқаймыз. Балалар! Біз бұрын отряд жынына әр салада жұмыс істейтін адамдарды шақырып, мамандық таңдау туралы екі-үш рет әңгімелесіп едік. Биылғы оқу жылының аяғында осы ауылдағы клубта жалпы мектеп бойынша мамандық таңдау кеші өткізіледі, т.б. сөйлемдерде берілген концептілік құрылымның мазмұнында ауыл мектебінің бала танымсындағы сипатын аңғарамыз.

Осы мысалдардан баланың әлеуметтік ортасына байланысты ауыл мен қала мектептерінің ерекшелігін айқын аңғаруға болады [9].

Бала санасында қалыптасқан және баланың физиологиялық, психологиялық мүмкіншілігін көрсететін дүние – ойындарлығы. Бала қай жаста болмасын, қандай жағдайда болмасын ойынға деген ынтасы ерекше болады. Сондықтан қалымызда балаға арналып айтылған «ойын баласы» деген тіркес қалыптасқан. Осыған орай тілімізде «асық ойыған азар, дәл ойыған тозар» тұрақты тіркесінің жәп айтылатыны тағы бар. Айта берсе, балалар ойнайтын ойын түрлері де көп. Осы ойын түрлеріне қатысты тілдік бірліктер ірғы балалар әдебиетіндегі «Ойын баласы» микроконцептісінің тірек таңбалар қатарын толықтырады. Бұл концептілік құрылым М.Гумеров шығармаларында бала танымын сипаттауда ерекше рөл атқарады. Мысалы, «Жетпісбай атайдың әңгімелері» атты әңгімесінде: Бір жерде жігіттер «городки» ойнап жатыр екен. Ол – ұзындығы бір сүйемдей кестелген ағаштарды неше түрлі өлшеп тігіп, соларды көздей таяқ лақтырып, арнаулы сызықтан соғып шығаратын ойын деген мысалдарындағы городки тәрізді ойын түрлеріне қатысты бала қабылдауындағы ақпараттарды индивидтің өзі өмір сүретін ортасына әрі тәуелділігін білдіріп, әрі оның интеллектуальды, рухани дүниесін сипаттайды. Балалар тақырыбына жазылған шығармаларда авторлар өз кейіпкерінің дүниетанымы мен болмысын, қоршаған ортамен

қарым-қатынасын, жеке қасиеттерін шынайы түрде бейнелеуге ерекше мән берген.

Кез келген халықтың мәдениеті сол ұлттың дүниетанымы мен талғамына тікелей байланысты болып келеді. Халық эстетикалық талғамның нәтижесінде қоршаған ортадан мол ақпарат жинақтайды. Мұның барлығы ұлттық танымның жүйесін құрайтыны анық. Соның бірі жас ерекшеліктің деңгейіне байланысты қоршаған ортаны, дүниені эстетикалық танудың мектеп оқушылары санасында объективтенуі болып табылады. Бұлай бөліп қарастыратын себебіміз, ересек адамдарға қарағанда дүниені танудың санадағы мотивтері бала санасында бастапқы деңгейде, қарапайым үлгіде қалыптасатындығында. Бала сонымен қатар, үлкендерден естіген қажайып дүниелерді, оқыған кітаптардан алған көркем қиялын өзін қоршаған ортада іске асыру үшін еліктеу әрекетіне де жиі барады. Бұл құбылысты М.Гумеров та өз шығармаларында шеберлікпен көрсете білген.

Бала психологиясын зерттеушілердің тұжырымынша әрбір баланың тілдік қорының дамуы, сөздік қорының жан-жақты жетілуі, оны қоршаған ортамен тығыз байланысты. Әсіресе мектеп оқушыларының ойлау мен таным дүниесі өзара тығыз қарым-қатынастағы ортамен нақты байланыста болады. Баланың дүниетанымы ес біле бастағаннан ақ екі түрлі негізге сүйенеді. Оның алғашқысы - машықтық дағды, яғни көрген-білгенін тез қағып алып үйрене қайталау. Балалардың кез келген нәрсеге ерекше әуес болатындығы, әр нәрсені білуге, көруге, ұстауға, естуге, тіпті, дәмін татуға әуес болатындығы да сондықтан. Екіншіден, бала жан дүниесі эмоцияға бай, әсершіл болып келеді. Бұл, әсіресе, жеткіншек жаста ерекше байқалады. Олар ересек адамның ойына келмейтін қызындар тауып, сол ойларын жүзеге асыруға талпынады. Бұл құбылыс біздің зерттеу нысанымыз болып отырған М.Гумеровтың да балалар тақырыбына жазылған шығармаларындағы кейіпкерлердің психологиясы мен мінез-құлқына, дүниетанымы мен болмысынан айқын аңғарылады. Бұл қаламгердің қай-қайсысында да бала психологиясына тән ерекшеліктердің дәл берілуі шығарма тілінің шынайылығын танытады [10].

Қазіргі таңда психоллингвистикада ғалымдар сөздің коммуникативтік әсерін, ақпараттардың қабылдануы мен жақта сақталуын жан-жақты зерттей отырып, тіл ғылымында синергетика терминін қолданып жүр. Синергетика – бұл сөздің құатын, адам мен тілдің арасындағы байланысты қарастыратын сала деп түсінеміз. Синергетика – құрылым элементтері мен қоршаған орта энергиясының арасындағы байланысты зерттейтін ғылыми бағыт. Синергетика лингвомәдениеттанымдық зерттеудің әдістемелік құрылысы

және тұспалдай айту белгілерінің бейнелілігін туындатудың көзі болып табылады. Синергетика тұспалдай айту белгілерінің поэтикалық энергиясын лингвомәдениеттанымдық зерттеу әдістемесі (ментальдік сұлба және эвристикалық көзқарас) философиялық аспектісінің аса маңызды элементі болып табылады. Осыған байланысты бейнелі сөз синергетикасын тану оның қалыптасуы мен сөйлемде қолданылу факторларын кең ауқымда қарастыруды топшылайды. Көркем шығармада кездесетін синергетикалық тілдік бірліктерді үш топқа бөліп қарастыруға болады: 1. Жағымды энергиялық қуатты сөздер; 2. Жағымсыз энергиялық қуатты сөздер; 3. Тілек ұғымды беруші қуатты сөздер.

Жағымды энергиялық қуаты бар тілдік бірліктер көркем шығармада, әсіресе, балалар әдебиетінде жиі қолданысқа ие болады. Мұндай тілдік бірліктердің бағалауыштық сипаты басым болып келеді. Мысалы, «Оқтаулы мылтық» әңгімесінде берілген: «Е, айналайын-ай, сәби кезінде сағынған екенсің. Ал, ала той айнымай маған тартқансың. Мен де атаң отаушының табалдырығын аттағанша ержақшора атанған едім. – Жадырап сала беремін. Әжем аузынан: «айнымай маған тартқансың», - деген сөз шықса, білгі, қалағаныңды алады тәрізді мысалдағы «Е, айналайын-ай», «айнымай маған тартқансың» тіркестерінің семантикасы бала санасында «ержелету», «өзімсіну», «жақсы көру» ұғымдарын бейнелейді. Мұндай сөздердің қуаты бала санасына жыпдам әсер етеді.

Ал тілек ұғымды беруші қуатты сөздер көбіне жасы үлкен ересектер тарапынан бала санасына дайын код түрінде берілетін мәдени ақпараттар. Мұндай тілдік бірліктерде «жағымсыз тірліктерден аулақ болу», «үлкенді құрметтеу», «адамдық қасиетті жоғалтпау» тәрізді ұғымдардың тілдік семантикасы объективтенеді. Мысалы: «Аймаған, Қанат, бері қарандар, - деді әжей. – Қыз бала - өмірдің гүлі. Өздерің қарандаршы, Дәрігүл шығында да гүл сияқты ғой. Сен екеуің де Дәрігүлді құрметтеп, қорғап жүріңдер. Оған сыпайы сөйлендер. Сонда ол да сендерді жақсы көретін болады. Әжей осы тәріздес сөздерді күнде дерлік қайталап, күтіміндегі екі ұлдың құлағына құя береді. қарағым, ыпғи тауу болыңдар, сыпайы сөйлендер тәрізді тілдік бірліктерден осы құбылысты айқын аңғарамыз.

Кез келген адамның өзін-өзі ұстауы, сөйлеуі әр ортада әртүрлі болады. Мысалы, адам өзін-өзі қалғанда өзін ұстауы бір бөлек те, ал белгілі ортада өзін ұстауы мүлдем басқаша болуы мүмкін. Осы тұрғыда оның тәртібі, жүріс-тұрысы, сөйлеуі, қимыл-қозғалысы ортаға байланысты болады. Танымалығың, бағде адамдармен қарым-қатынас жасауда өзін ұстауы бір басқа да, ал өзінің құрбы-құрдастарының арасында өзін-өзі ұстауы бір басқа. Көбіне тілдік

қателер осы екінші жағдайда көбірек байқалады десек, қателеспеген болар едік, өйткені адам санасына ерік беріліп, кейде сөйлеу әрекетінің барлық сатылары жүзеге асырылмайды. Ал бірінші жағдайда адам өзінің айтқанын деген ойын сұрыптап, ережелерге сай, дәл, әсерлі етіп жеткізуге тырысады. Мұны жеке тұлғаның ұжымды бағалау кезінде анық байқауға болады.

Көркем әдебиеттегі кейіпкер бар болмысымен, ішкі және сыртқы табиғатымен толық танығуы үшін мұндай тілдік құралдар бала дүниетанымы мен болмысына сай қолдана білу автордың тіл шеберлігі мен бала психологиясын өте жетік меңгергендігін байқатады.

Көркем әдебиеттерде кездесетін кісі есімдерінің ендігі бір түрі – лақап аттар. Алдын-ала анықталмай, таңдау нәтижесінде пайда болған есімдердің қатарына осы лақап аттарды жатқызуға болатын тәрізді. Себебі, көркем шығармадағы лақап аттар автордың шығарма тақырыбы мен мазмұнына сай, ондағы кейіпкерлердің жас ерекшелігіне байланысты әдейі таңдап алынған есімдер болып келеді. Бұл - балалар әдебиетінің кейіпкерлеріне тән дүние. Біз өз жұмысымызда профессор Т.Жаңғазаровтың: «Лақап есімдердің табиғатын, оның әртүрлі қасиет-сипаттарын социолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің мәні айтарлықтай. Лақап есімдердің түрлері, әрбір адамның мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, адамдармен өзара қатысына т.б. байланысына таянып лақап есімдер тілімізде аз емес. ...Әсіресе мектеп оқушыларының лақап есімдерін социолингвистикалық тұрғыдан зерттеу өте қызықты да, ғылыми тұрғыдан салмақты болары сөзсіз» деген пікірін басшылыққа алдық.

Көркем әдебиеттегі балалар тақырыбына жазылған шығармаларда кейіпкерге лақап есім ирудың өзіндік ерекшелігі де бар. Ол шығармадағы кейіпкерлердің жас ерекшелігі, іс-әрекеті, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, келбетіне байланысты лақап есімдерді дәл тауып ируы. Мысалы, «Сабаз бен Нөкербек» әңгімесіндегі: Құндықтың суық теге бастағанда, бала-шаға қаптап кетті. Уақ балаларды былай қойғанда, үлкендеулерінен Сабаз, Нөкербек, Әміртай, Кетік Кетөбек, Шұнақ Шотбай, Тағай таз, Дөңдұрын – бәрі сонда деген мысалдардан шығарма кейіпкерлерінің есімдері осыны аңғартады. Бұл сонымен бірге балалар арасында кез келген есімге лақап ат беруде объектіге қатысты физиологиялық, психологиялық фактілерді қалт жібермей, дәлдік білетінін көрсетеді [10].

Бала ұжымына қатысты білімдердің концептуалдық жүйесін санау ауыл әдебиеті үлгілерінен бері қарай топтастырсақ, онда халқымыздағы бесік жыры, ертегілер, аңыздар, батырлар жырынан бастау алып, бүгінгі біз сөз етіп отырған ақын-жазушылардың шығармаларымен тығыз байланысып жатыр. Оның ішінде поэтикалық мәтіндер мен прозалық шығармалардың



тілдік тұтқасындағы бірегейлік пен концептуалдық ұқсастық анық байқалып тұрады. Ал біз қарастырып отырған қаламгерлердің шығармаларындағы «Жалғыздық» концептісі де ұлттық тақып тұрғысынан айқын көрсетілген. Біз зерттеу нысаны етіп алып отырған қаламгерлердің қайсысын алып қарасақ та бір ерекшелігі сол, шығармаларындағы кейіпкерлердің негізі ата-анасының жалғыз болуында.

## Тарау II. Негізгі бөлім

### 2.1. Ата-ана баланың рухани тірегі

Машһар Гүлдеровтың «Ерегiс» әңгімесіндегі ата-ана мәселесіне тоқталсақ бұл шығармада мынадай үзінділер келтірілген. Әңгіме бойынша ана махаббаты мен баланың анаға деген қарыздық сезімдерін осы мысалдар арқылы байқауымызға болады.

-Апа, тамақ бер. Соңраң сабақ оқуға отырамын. Арманға ерегiскенде ертеңнен бастап беске оқимын, тек беске, ана тілінен басқасын,- дедім. Кнiмiмдi тез-тез шешiп, iлiп крiдi.

Бұл сөздерден баланың сабаққа емес, бағаға ерегiскенiн, байқауымызға болады. Сондай-ата-ананың балаға деген махаббат сезiмдерiн мына жолдардан байқауымызға болады.

-Құтыным-ау, сабағыңды жақсы оқысаң, маған одан артық бақыт бар дейсiң ба? Мектепке қайта-қайта шақыртып, педсоветте қарап, әбден кнiрiп кнiлып бiттi қой, құтыным. Менiң жұмыстан крiлым төлейдi. Сенiң сабағыңа көмектесетiндей бiлiмiң жоқ. Әкең болса, қаза тапты. Бiреу үшiн бiреу сабақ оқымайды, бiреу үшiн бiреу жұмыс iстемейдi. Әкең қандай мақтаулы адам едi. Сен де аумай әкеңе тартқансың, бiрақ әзiрше ештенеңiң байыбына барып, ештенеңге мен бермейсiң...

Осы жолдар арқылы ананың баласын әкесiне елiктету арқылы тәрбиелеуге тырысып жатқаны әбден байқалады. Баланың шешесiне алып берген жаман атауларын баланың өзi де төмендегi сөздер арқылы дәлелдейдi:

Шешемнiң айтқаны рас. Бiрақ соның барлығы да-айтыла-айтыла құлағымды сарсытып бiткен сөздер. Үлкендер кiт етсе, ақыл айта бастайды. Балаларды түк бiлмейдi деп ойлай ма екен?! Жақсы оқу жерегiн кiм бiлмейдi. Бiлу бар да, соны iске асыру бар. Алғашқысы оңай, соңғысы кнiн.

«Ерегiс» әңгімесiнiң бас кейiпкерi анасының шексiз махаббаты туралы мынадай сөздердi келтiредi:

Менiң шешемнен жуас ана жоқ шығар. Ұрсып-зеку былай тұрсын, өмiрi даусын көтерiп сөйлемейдi қой. Сiрә, бұл да табиғаттың берген ерекшелiгi болады.

Күн бата шешемесiктi кiлтiлеп, жұмысқа кеттi. Екеумiзде екi кiлтi. Ашып шығу да, ашып кiру де оңай. Бұл екi -үш фабрикасы бар шағын қала. Әкем қаза тапқан соң бiр жылдан кейiн, туыстарға жақын отырамы деген шешем әдейi осында көшiп келдi. Қазiр тiгiн фабрикасында шебер.

Әңгіме бас кейiпкерi Ерлөгес өз әкесiне деген сағынышты төмендегi жолдар арқылы сипаттайды:

Қас қарая сыртқа шығып, біраз шаңғы теуіп келді де, қайтадан сабақ әзірлеуге отырдым. Шыңдап кірістім. Сабақты сыпырып оқып көп берді дейсің Қайдаров (ол әлім ғой), уақыттың қалай тез өткенін білмей де қалды. Он болды, он бір болды, он екі болды. Сол кезде барып қана қатты шаршап, көзіме ұйқы тұрапты. Шешенуге мұршап келмей, төсекке қиса жеттім.

Қалғып бара жатқанымда, көз алдыма әкем елесітеді. «Күнделігіңді көрсетші!»,—деп қолым созып тұр. Қыпқырт барып күнделігімді бердім. Үштік бағаны көріп, мейрімді жүзі бір түрлі өзгеріп кетті. Үн қатпай күнделігімді өзіме қайтарып берді. Үштікке көңілі толмағаны айтса-айтпаса да түсінікті. Біраз күннен кейін қатарынан екі бестікті көріп, мақұлдағандай сәл күлімсіреді де, күнделікті қолыммен салмақтап тұрып (нақ бір салмағы артқан сияқты), өзіме қайтып берді. Онда да үн қатқан жоқ. Ол өмірі не мақтап, не жамандап бір сөз айтпайтын. Бәрін де жүзінің құбылысымен, көз қарасымен ұқтыратын.

Содан кейін әкемнің қазасы... Үйдің іші у-шу. Жылпал-сықтап, жомтақ айтқан әйелдер. Шешем қара жамбылып, егіле сарнап, әкемнің басында отыр.

- Декабрь айы. Күндесуық. Далада боран ішін тарта ұлып тұр. Әкемді таудан іздеп зорға тауып әкелді. Бөлік асудан асып бара жатқанда, машинесы жолдан сырғып кетіп, тереңдігі жиырма бес метр сайға құлапты. Әкемнің кеуде сүйегі оңырылып сынғыпты, басында да жара бар.

«Осы адам неге өледі? Шіркін-ай, ажалдың өзін ұстап алып, өлтірер ме еді!»—деп ойладым ұйқышы-олу тісімді шыңырлатып. Ар жағы есімде жоқ, көзім ілініп жетіпті.

-деп бас кейіпкер әкеге деген сағынышын білдіреді.

## 2.2. Бала өмірінің айнасы - ұстаз

Әңгімеде бас кейіпкер ұстаздары туралы біршама сипаттамалар жасаған. Олардың біреуіне тоқталайық:

Бір күні мынадай оқиға болды. Тұрсынбала апай үйге берген тапсырманы тексерді. Арманның дәптері үйде қалып қойыпты. Мұғалім оған баға қойған жоқ. Дәл сол күні менің дәптерім де үйде қалып қойған болатын. Рас, тапсырманы тыңғышықты орындадым демеямін, әйтеуір жазғаным анық. Тұрсынбала апай маған баттытып тұрып «екі» қойды. Мұндай баға болмаспын. «Арманның дәптерін үйде қалдырғаны үшін баға қоймайды, маған қояды. Оның сөзіме сенеді, маған сенбейді. Осы да әділдік пе? Оқу озаты ғана өтірік айтпайды да, өзгенің бәрі өтірік айта ма? Енді Тұрсынбала апайдың сабағын тындамаймын да, берген тапсырмасын орындамаймын да. Егер сабақ сұраса, біле тұра жауап бермеймін»,— деп ойладым. Сол күні ерегісіп сабақты тындаған жоқтың жауап та бермедім.

Сөйтсе-сөйтсе ана тілінен қатарынан бес екілік алдым. Тұрсынбала апай екілік қоя-қоя шаршаған болу керек, бүгін күште қойды. «Ә, бәлем!»— дедім ішкінен.

Ал енді кім кімнің менің екілігіме? Меніңше, Арман да, сондай-ақ тағы бір кісі, ұяғ та болса айтайың,— мұғалім де кінәлі. Мен соларға бола ерегістим ғой.

—деп мектептегі әділетсіздік пен ұстазға деген ренішті білдіруге тырысады. Сонда әңгіменің соңында басты кейіпкер Ерпелес бұл реніштерді жеңіп, өзін басқа тұрсынан көрсете бастайды. Бұған әңгімедегі мына үзінділер мысал болады:

Мұғалімдердің түсіндіргенін жөңіл қоя тыңдап, үйде сабаққа әзірлену күнделікті дағдыма айналды. Намысқа тырысып, барымды салып бақтым.

Жиырма шақты күннің ішінде тарихтан басқа сабақтың бәрінен де бес алдым. Мұғалім сұраса болды, бес ала қоямын. Адам алдына бір үлкен мақсат қойып, шабыттанып алса, көңілінде барлығы да сайрап тұрады екен. Тек тарихтан ғана төрт алдым. Ал Тұрсынбала апай соңғы кезде менен сабақ сұрамайды. Нүкте қоя-қоя шаршаған сияқты. Демек мен әлі де қашар оқытындардың санаттындамын.

Бір күні Тұрсынбала апай көп баладан сабақ сұрап, бәріне де баға қойды. Шыдай алмай сұарса керек, бір кезде Арман қолын көтеріп түретелді де:

—Апай, Ерпелестен неге сұрамайсыз? Қазір ол жақсы оқып жүр, — деді.

—Білемін. Ерпелестің жақсы оқығаны дұрыс. Оған да кезек келер. Сұраймын, сұраймын,— деп, Тұрсынбала апай қуақыпана күліп қойды.

Мұғалімнің жақсы оқығаныңа қуанышты екенін ашық айтса, барлығын білетін кісіше жылы жүзбен қуақыпана күліп қойса, үндемей қалуға қалай ғана дәтің шығар?!

Қол көтеріп, атып тұрдым да:

—Апай, қай жерден сұрасаңыз да, жауап беруге әзірмін. Мен «Қазақ тіліне» өне бойы дайындалып жүрмін,— дедім.

Бойым жеңіліп, еңсем көтеріліп қалғандай болды. Жо-жоқ! Жұрт жамандауға ғана жомарт да десем, мақтауға да, қуанышыңа ортақтауға да жомарт екен.

### 2.3. Сынып- баланы тәрбиелейтін орта

Сынып және сыныптастары туралы әңгімеде көптеп кездеседі. Сабақ туралы, өзінің білімі туралы үзінділерге тоқталайық.

Кейбіреулер сабақты нашар оқисың деп,қыр соңыма түсіп те үлгірді. Екілігім бар екені рас, оны жасырмаймын. Бірақ екілігі бар екен деп, біреуді тоқпақтай беруге бола ма?

Кейбір балалар кілең үшке, не үш пен төртке, қайсыбіреулер кілең төртке, не төрт пен беске, ал енді біреулер кілең беске оқиды. Менде ол жоқ. Барлық баға сапырласып, араласып жатады. Мәселен, бүгін бір сабақтан бес алсам, ертең екілік алып қаламын. Керісінше, бүгін бір сабақтан екілік алсам, ертең төрт, не бес алуым да ол-оңай. Жалғыз-ақ ана тілі сабағынан өне бойы бірнеше ай екілік алып келе жатырмын. Бірінің соңынан бірі сап түзеп тұрған бақандай бес екілігім бар. Ал оның өзі ере-гістен туған нәрсе. Оған жалғыз мен емес, Арман да, сондай-ақ дағы бір кісі (оны кейінірек айтатын) кірелі.

Ал сонсоң... Иә-кә! Соңғы кезде балалар маған Кесір деп ат қойып алды. Мұның өзі жығылған үстіне жұлдырық дегендей болды. Кесір деп ат қоятындай не жазғанымды білмеймін. Бар болғаны Арман бір партамы ілгері қарай жымық дегенде, мен кейін сырғыттым; үзілісте кезекші кластың іші ысып кетті, есік ашық тұрсын дегенде, мен есікті қасақана жауып қойдым; тақтаға өзім жазған жазуды өшір дегенде, ызам келді де, бормен одан әрі ширмайпай түстім; бір бала класқа кіріп келе жатып, жол бер дегенде, мен әдейі босағада тұрып алдым; бір қыз қаламымды сұрағанда, сызғышымды ұсындым; ана тілі пәнінің мұғалімі Тұрсынбала ағай кеңседен бор әкелуге жұмсғанда (кезекші мен болатыным) жансақ естігенсің, бірнеше парақ қағаз алып келдім, кеңсеге қайыра баруға тура келді. Бірақ осындайларға бола біреуді Кесір деудің дұрыс па?

Әңгімедегі бас кейіпкер Ерпелес өз сыныптастарының біріне толық сипаттама берген. Сол сыныптасына тоқталайық.

Класса бір партада отырып, үйге бірге қайтатынымыз болмаса, мен осы бір томпақ бет, қысық көз ақ сары қызды онша жақтырмайтын едім. Класса досым жоқ, жаңадан келген баламын. Күләйдің өзі үйіріліп қасыңдан шықпайды, сонсоң алапым қайсы?

Кейбір балалар сабақты тек қана үшке оқиды деп едім. Күләй сөздің тап өзі. Бір де төрттігі жоқ. Рас, төрттігі бес, бірақ ол сабақ емес қой.

Бір қызығы, Күләй сөзін біреу есіліп қоятындай, көшеде келе жатқанда, ыңғи сыбырлап сөйлеседі. Маған кластағы «соңғы жаңалықтарды» жеткізетін де, әр балаға әр түрлі мінездеме беретін де сол. Бәрін байқап, жұрттың сөзіне

құлағын салып жүретін болу керек, әйтеуір білмейтіні жоқ. Сондай ғыш-ғыш сөзді тыңдауға менің құлақтарлығым да шамалы. Бірақ қасындағы адам айтқан соң, амалсыз құлақ түресің. Тілгі соған дағдыланып бара жатқандайсың ба, қалай?..

#### 2.4. «Ерегіс» әңгімесіндегі балалар бала тәрбиесі жөніндегі негізгі бағыттар

Әңгіменің бас кейіпкері өз айналасындағы балалар туралы көптеп сипаттаған. Оның ішінде «Ерегіс» әңгімесінде сипаттас бала Арман туралы көптеп жазған.

Ал Арман деген бала кім, менің ана тілінен өне бойы екітік алып жүргеніме ол неге кінәлі?

Арман да мақімен бірге бесіншіде оқиды. Жұқа енді, қара сұр жүзді, арықша келген бала. Кей кездерде өте жүдеу боп көрінеді. Қазір де жүдеу. Ал мен мектепке ең алғаш келгенде, қысқы канкулдан кейін, Арман онша жүдеу емес сияқты еді. Ақұрттың айтуыыша, ол үйінде күні-түні сабаққа дайындалып, кітаптан бас алмайтын көрінеді. Әлде жүдеп жүргені сондықтан ба, кім білсін?

Сол Арман сабақты кілең беске оқиды, бірде-бір төрттігі жоқ. Өзі көп сөйлемейді, жуас тәрізді. Ал енді менің нашар оқуым жайлы мәселе болса-ақ, бірінші сөйлейтін Арман. Және де сызданып, қиналып тұрып сөйлейтінін қайтерсің! «Класты кейін тартасың», «осы түрінмен ақұрттың бетіне қалай қарайсың», «осы түрінмен де промерлін дейсің-ау», «оқығың келмейді екен, айту керек» деген сияқты ауыр сөздерді алдымен содан естіді. Былайғы уақытта да ол менен қашақтап жүреді. Содан мен де оны жек көріп жеттім.

Бүтін ең соңғы сабақтан кейін бір топ бала тақтаға үймелеп, жаңа тақырыпқа есеп шығара бастады. Бор Арманның қолында. Қасында отыратын Күләй дейтін кыз да тақтаға барды. Соноң мен де кідіре тұруға, Арманның жаңа амалдың есебін қалай шығарғанын жүруге ұйғардым. Ал есеп сабағын зер сала тыңдап, түсініп алған едім. Арман есепті төп-төуір шығарып келе жатты да, мүдіріп қалды. Басқа балалар да айтып жібере алмады. Сон-соң ол бір балаға: «Ережені әкелші, оқығың», — деді.

—Ережені қайтсіндер? Борды маған бер, қазір-ақ шығарамыз, — дедім мен.

—Сен қыя тұршы, Кесір, — деді Арман бір түрлі жақтырмай, қабағын шығта сөйлеп. Соноң сасып қалып:

—Жо-жоқ, байқамай айттым...Ерлепес... Ерлепес, біз өзіміз шығарамыз, — деді.

Жақтырмай, қабғын шыға сөйлегені, борды бермегені өз алдына, ал неге Кесір дейді?

— Біреуді неге Кесір дейсің? Сен өзін кесірсің? Жазығың Борды сұрағаным ба? Үлгіні тиісесің де жүресің, Мен саған не қылдым отыңшықпін деп мақтанатын шығарсың, қарай гөр өзің! Күні-түні оқып жүред-жадал отыңшық болғаннан не болды? Бір күні өліп қаларсың» Түріннен адам шошпай, он күн тамақ ішпеген кісі сияқтысың. Маған Кесір деп ат тағып жүрген де сенсің! Басқа ешкім де емес.

Балалар басу айтып, «кәй, қой» деп жатыр. Қалай тиісудің, қалай артыпудың қыбын таба алмай жүр едім. Жұрттың «кәй» дегеніне болам ба? Ойыма келгеннің бәрін айттым. Арман ләм деп үн қатқан жоқ. Ең ақырында мен оған:

-Әкел қолыңды! Ерегіскенде ертеңнен бастап ана тілінен басқа сабақтың бәрін тек беске оқитың! Көр сонсын Ерлепестің қандай еженін! Сені шаңыма да ілестірмеймін. Сен қосап күні-түні сарылып та отырмайтың. Керегінше ғана дайындалып, өлген бес астамың. Әкел қолыңды! — дедім.

— Беске оқитың болсаң, қызғанбаймың, тек қуанамың. Қолым мінген! — деп, Арман қолын созып.

— Жоқ сенің қолың алуға тұрмайды. Қолыңды алмайтың. Бірақ айтқаным айтқан! — дедім де, кіншіп, кластан шығып жүре бердім. Сыртқа шыққасын Күләйді күттім. Екеуміз өлген бірге қайтатынбыз. Біраздан соң ол да шықты.

Екеуміз үйге қарай ақырын ғана аялдап келе жатырмыз.

-Оған Үндемес деген атты кім қойып еді? — деп сұрадым.

-Қыздар, — деп сыбыр ете қалды Күлай.

-Қыздар болғанда, қай қыз?

— Білмеймін..

— Күләй, шынықты айтшы, маған Кесір деп ат қойған кім? Арман ба, жоқ әлде...

Күләй сығырайған қара шөзін сәл аша түсіп, аузын томпайтып ойланғандай болды да:

— Рас, сол. Қыздардан естігем, — деп сыбырлады. —, Арманнан басқашық болушы еді?

— Қай қыздан естідің?

Күләй не айғарын білмегендей қышақтап барып:

— Есімде жоқ. Кім еді, туу?.. Есімде жоқ, — деді. Соң соң ол маған таяна түсіп, сыр тартқысы келгендей:

— Беске оқимын дегенін рас па? Екілігі бар адамның беске оқуы мүмкін бе? Әлде жай айта салдың ба? — деп сұрады.

— Неше рет жай айта салып ем? Мен ешкімге уәде берген жоқ. Әрегісіп өзіме-өзім серт қыдым. Мені айтқаныңда тұрмайтын сен қой дейсің бе?

— Ійбай, мен не қылып ем? — деді Күләй, біреу естіп қолма дегендей жан-жағына қарап.

— Сен жығып сайып сабақты төртке оқимын деп уәде бересің. Ал өзің... белгілі қой... Ешкімге уәде бермеу керек, адам өзіне-өзі серт қышуы керек.

— Ійбай, қызықсың. Оқи алмасам, мен жазықтымын ба?

Күләй өз көшесіне келіп жетті де, онша бұрылды, мен іштері тарта бердім.

Класта бір партада отырып, үйге бірге қайтатынымыз болмаса, мен осы бір томпақ бет, қысық көз ақ сары қызды онша жақтырмайтын едім. Класта досым жоқ, жаңадан келген баламын. Күләйдің өзі үйіріліп қасымынан шықпайды, сонсоң амалым қайсы?

Әңгіменің соңында айналадағы балалар туралы оң көзқарастармен пікірлер айтылады. Мысалы:

Мұғалімдердің түсініргенін көңіл қоя тындап, үйде сабаққа өзіннен күнделікті дағдыға айналды. Намысқа тырысып, барымды салып бақтым.

Жынырма шақты күннің ішінде тарихтан басқа сабақтың бөрінен де бес алдым. Мұғалім сұраса болды, бес ала қялтым. Адам алдына бір үлкен мақсат қойып, шабыттанып алса, көңілінде барлығы да сайрап тұрады екен. Тек тарихтан ғана төрт алдым. Ал Тұрсынбала алай соңғы кезде менен сабақ сұрамайды. Нүкте қоя-қоя шаршаған сияқты. Демек мен әлі де нашар оқытыңдардың санатындамын.

Сонда да балалардың көбі мені «отпеншік» дейтін болды, өзімнен бетер олар қуанған тәрізді. Әсіресе Арманның қуанышында шек жоқ. Түсінібайтін. Мені жек көретін адамның жақсы оқи бастағаныма, қуанғаны несі? Әлде мен оны ұқпай, танымай жүр ме екенмін?

Бір қызығы, Күләй маған салдың қарайтын болып кетті. Бұрынғыдай сырласпайды, «соңғы жаңалықтарды» айтуды да қойды. Үйге де бірге қайтпайды. Онысы несі екен?

«Ел құлағы елу» емес пе, бір күні Арманға Үндемес, маған Кесір деп ат таққан Күләй дегенді құлағым шалды. Жалпы, өзінің сондай мінезі бар дейді. Осы күні менің сыртымнан сөз жүгіртіп, «беске оқығасын мақтанып жүр, адаммен сөйлеспейді» дейтін көрінеді.

Жынырма шақты күннің ішінде тарихтан басқа сабақтың бөрінен де бес алдым. Мұғалім сұраса болды, бес ала қялтым. Адам алдына бір үлкен мақсат қойып, шабыттанып алса, көңілінде барлығы да сайрап тұрады екен.



Тек тарихтан ғана төрт алдым. Ал Тұрсынбала апай соңғы кезде менен сәбақ сұрамайды. Нүкте қолың шаршаған сияқты. Демек мен әлі де қалпың оқытыңдардың санатындамын.

Бір күні Тұрсынбала апай көп баладан сәбақ сұрап, бәріне де баға қойды. Шыдай алмай отырса керек, бір кезде Арман қолын көтеріп тұра елді де:

—Апай, Ерлестен неге сұрамайсыз? Қазір ол жақсы оқып жүр, — деді.

—Білемін. Ерлестің жақсы оқығаны дұрыс. Оған да кезек келер. Сұраймын, сұраймын,— деп, Тұрсынбала апай қуаңшылана күліп қойды.

Мұғалімнің жақсы оқығаныңа қуанышты екенін ашық айтса, барлығын білетін кісіше жылы жүзбен қуаңшылана күліп қойса, үндемей қалуға қалай ғана дәтің шыдар?!

Қол көтеріп, атып тұрдым да:

—Апай, қай жерден сұрасаңыз да, жауап беруге әзірмін. Мен «Қазақ тіліне» өне бойы дайындалып жүрмін, — дедім.

Бойым жекіліп, еңсем көтеріліп қалғандай болды. Жо-жоқ! Жұрт замандауға ғана жомарт па десем, мақтауға да, қуанышыңа ортақтасуға да жомарт екен [11].

### III. Практикалық жұмыс

#### 3- сыныптың ана-тілі Гүмеров «Орысша да білмейді» әңгімесінің сабақ жоспары

1. 3-сынып

2. Пәні: Ана тілі

Сабақтың тақырыбы: М. Гүмеровтың «Орысша да білмейді» әңгімесі

Сабақтың мақсаты: Балалардың бойында эстетикалық және патриоттық сезімдерді қалыптастыру, бала тілін дамыту.

Сабақтың барысы:

1-кезең. Ұйымдастыру кезеңі: 3-5 минут.

2-кезең. Өткен сабақты сұрау.

3-кезең. Жаңа сабақты ұйымдастыру.

Сабақтың тақырыбы: М. Гүмеровтың әңгімесі «ОРЫСША ДА БІЛМЕЙДІ»

Базарбек сөзге арапспай, жол бойы атасын бақылады да отырды. Оның жақсы жағымен ісі болмай, тек осал жағын көрді.

Ал Мәлік тартынбай, қасындағы атасымен еркін сөйлесіп келеді. Өр нерсені бір сұрайды. Бір кезде ол үйреншікті әдетімен орысша сөйлеп кетті.

— Балам-ау, қазақшаны жақсы білесің ғой. Қазақша сөйпей бер. Я по русски не знай, — деді атай көмересін оң қолымен қишақтап, қулана жылтытып. Ол көмересі қазақша сөйлесін деп, бұл сөзді жорта айтып еді. Атасының жорта айтқанын түсінбеген Мәлік:

— Ата, немене, орысша әлі үйренген жоқсың ба? — деді.

— Жоқ, қалаға келдім. Үйренсем, енді үйренермін, — деді атай тағы да күліп.

Міне, үнсіз бақылап отырған Базарбекке осы сөз жеп қалды. Ең аяғы алты жарым жасар Мәлік те орысшасы сұдай. Сонда алпыстан асқан атасының орысша білмегені қалай? «Ұлт-ай, ұлт-ай!» — деді Базарбек ішкінен.

Машина оңға қарай бұрылып сәл жүрді де, кілт тоқтады. Парасы шофермен есеп айырысқан соң, Барлығы да машинадан түсті.

Үлкендер алды келе жатыр. Кейіндеу қалған Базарбек

Мәлікті қасына шақырып алды да:

— Көрдің бе, атай орысша да білмейді. Өзінің сақал-мұрты да жоқ. Осы да атай болып па! — деді.

Бірақ Мәлік оның сөзін бұл жолы да тыңдамай, атайды қуып жетуге асықты.

—Атам бізге базарлық әкеле жатқан шығар. Чемоданыңда не бар екен? — деді де, жүзіне жөнелді.

Атай тұрады әңгіле тағы да аяқсыз қалды.

Базарбек те енді базарлыққа қызығып кетті. «Мәлік базарлықтың тәуірін алып қойып жүрмесін осы» — деп ойлап, сондарынан жүгірді» [1]

## Қорытынды

Тілдегі дағдыны қолданыстан тыс құбылысты және көркем шығармадағы қолданысына қатысты авторлық шығармашылық стиль табиғатын тануға әлмектесетін, негіз болатын ерекше мәнді бір заңдылық бар. Ол – оқуэтнолизм құбылысы. М.Гумеров шығармаларына талдау жасай отырып, қаламгерлердің осы дәстүрді шебер пайдалана білгеніне айқын көзіміз жетті. Мысалы: Отқа тақау үлкен қара табаға жабылған төрелкенің астынан құймақтардың құлағы қыптыады. т.б мысалдардағы құймақтың құлағы қыптыады т.б. авторлық қолданыстардың сәтті пайдаланылғанын байқауымыз.

Көркем әдебиетте көп қолданылатын тілдің көріктеуіш тәсілдерінің бірі – мақал-мәтелдер. Балалар әдебиетіндегі кейіпкер тілінде де мазмұн мен ойды беруде қолданылған мақал-мәтелдердің қызметі ерекше. Бұл турасында зерттеуші Ш.Қарсыбекова: «Мақал-мәтелдер – қазақ этносына тән дүниетаным мен сананың айқын айғағы, халық даналығы мен философиялық толғанысының, эстетикалық таным мен тәғлым-тәлімінің, өркениеті мен мәдениетінің – барша болмысының айғағы» деген пайымдау айтады.

Мұндай орнымен үйлесімді қолданылған мақал-мәтелдер көріктеуіш құрал ретінде мәтін тілін жандандыра әсерлендіруге қызмет етіп, белгілі бір құбылыстың негізін дәл бейнелеуде өзіндік ерекшеліктерімен жұмсалады. Мысалы М.Гумеров шығармасындағы: Жаңыл ұлына: - Е, жандымысың? – деп елеусіз жолын қағып, - «Сезікті секіре» деген «Ел құлағы елу» деген емес пе. Жұрт кеңсегегі шешім жайынан әл-сәтте хабарланып та үлгеріпті тәрізді мақал-мәтелдерде атадан балаға мұрас болып келе жатқан ұлттық этикалық көзқарас пен салт санасы нақты беріліптен және бұл мақал-мәтелдерден халықтың бағзы замандардан келе жатқан этносқа тән өмір тәжірибесінің көрінісін байқауға болады.

Зерттеу барысының нәтижесінде көркем әдебиеттердегі жалқы есімдерді, лақап есімдерді, прецеденттік есімдерді этномәдени және әлеуметтік, психологиялық факторлармен байланысты қарастырып, бала санасының танымдық деңгейі мен аялық білімдер жүйесін айқындайтын тілдік қолданыстар ретінде анықталды.

М.Гумеров шығармаларының тілін когнитивтік тұрғыдан қарастыру нәтижесінде мынадай тұжырым ұсынылды: концепт дүние құндылықтарын танытады, санадағы ұғымды бейнелейді, тіл арқылы объективтенеді, санада концепттік құрылымдар көмегімен репрезентацияланады, тұлғаның білім деңгейін танытады; ұлттық мәдени болмысы мен менталитетін көрсетеді деген қалыптасқан когнитивтік тұжырымдарға сәйкес зерттелген тілдік

деректер – концептілер санада таныту деңгейіне қарай метафизикалық, эмоционалды, ұлттық-мәдени концептілер деп бөлінді. Көркем мәтіндегі концепт белгілі бір концептілік жүйеде қалыптасатынын көрсетті.

Зерттеу барысында мол жеткен нәтиженің бірі – бала санасындағы символдық ұғымдардың қалыптасуына талдау жасау. Көркем шығармадағы кейіпкерлер жас ерекшелік деңгейіне сай ақиқат өмірді эстетикалық таным межесінде қабылдап, санада символдық құрылымның өзіндік жүйесін жасай алатындығы нақты айқындалды.

Балалар әдебиетіндегі кейіпкер тілінің психолнгистикалық сипатына талдау жасалып, баланың әлеуметтік ортамен қарым-қатынасы, сөйлеу мәдениеті мен тілдік құралдарды қолдану ерекшелігі жан-жақты талданды.

Алғаш рет зерттеу нысанын айқындайтын синергетика термині қолданылып, индивид пен тілдік ұжымның коммуникативтік қарым-қатынасы кезіндегі сөз энергиясының жұмсалуының негізі айқындалды. Нақты айтқанда, балалар әдебиетіндегі концептілердің танытуы мен тілдік көрінісін зерттеу барысында жазушылардың когнитивтік әдістерді қатар қолдана отырып, өзінің білімін, мәдени, ұлттық, рухани, саяси танымын бейнелі түрде жеткізе білу шеберлігін танытуға көмектесетіні байқалды.

Қорыта айтқанда, балалар әдебиетінде концептілік құрылымдардың көрінісі арқылы М.Гумеровтың қазақ баласының тілдік тұлғасының қалыптасу процесін, концепт құрылымын жаңғырту әдіс-тәсілдерін, когнитивтік модель кзру жолдарын, дүние бейнесін тудыру шеберлігін, тұлғалық стилин, аялық білімін тануға болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қарсыбекова Ш. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 20 б.
2. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.
3. Жанұзақов Т. Ономастика және ирғам. Сөзтаным – Алматы, 2003. – №3. – 45 б.
4. Караулов Ю. Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 261 с.
5. Сағиенова Ж. Б. Кейіпкер тілінің лингвистік аспектісі (Б. Соқпақбаев шығармалары бойынша): филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2006. – 19 б.
6. Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвокогнитивтік аспектілері. – Алматы: Арыс, 2006, 216.
7. 70-жылдардағы балалар әдебиеті (Т. Нұрмағанбетов шығармалары бойынша) А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Тілтаным. Алматы, 2007, №3, 41-45 бб.
8. Балалар әдебиеті тілінің зерттелу тарихы Қазақстан Республикасы Ұлттық академиясының хабарлары. – Алматы, 2007, №2, 32-36 бб.
9. Балалар әдебиетінің лингвоконцептуалдық сипаты. Қазақ тілінің лексикология, лексикография, фольклортану мен көркем аударма мәселелері: қысқарту, дамуы: проф. Т. Жанұзақтың 80-жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2007, 146-151 бб.
10. Балалар әдебиеті тіліндегі ортақ концептуалдық құрылым. Қазақ тіл білімі мен түркітану мәселелері: І. Кеңесбаев, М. Балақазев, Ғ. Мұсабаевтың 100 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2007, 348-351 бб.
11. М. Гумеров. Тоғыз төсқауып. Алматы, Жалын баспасы 1977 жыл
12. Бабаев С. Б. Оңалбек Ж. Б. «Жалпы педагогика» Алматы, 2006ж.
13. Безкаравайный С., Жұмабаев А., «Мектепте өткізілетін тарихи әдеби кештер» Алматы «Мектеп», 1968ж
14. Болдырев Н. И. «Сынып жетекшісі» Алматы – Мектеп, 1980 ж
15. Болдырев Н. И. «Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы» Алматы: Мектеп, 1987 ж.
16. Жарықбаев Қ., Қалиев С. «Қазақ тәлім тәрбиесі» Алматы, 1995ж.
17. Крутская Н. «Вопросы семейного воспитания и быта» 1959 год.

18. Қалиев С. «Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері» Алматы, 2009 жыл
19. Крутская Н. К. «Тардамалы педагогикалық шығармалары». А, 1973ж.
20. Көшекбаев Н. «Оқыту теориясы». Алматы, 1976 ж.
21. Қоянбаев Ж. Б. «Педагогика» Алматы 1992 жыл.
22. Қоянбаев Ж. Б., Қоянбаев Р. М. «Педагогика». Алматы, 2006 ж.
23. «Қазақ әдебиетінің тарихы III» Алматы 2000ж.
24. Қазақ тәлімдік ойлар антологиясы 1 том, Алматы, 2009 ж.
25. Қалижанұлы У. «Қазақ әдебиетіндегі діни – ағартушылық ағым». Алматы, 1998ж.
26. Қозыбаев М. Қ. және т.б. «Қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-санасы: өткендегісі мен бүгінгі» Алматы «Ғылым» –2009 ж
27. Қасымбекова С. , Мырзамед Д. «Дене тәрбиесі» Алматы, 2009 ж.
28. Икіманова Г. «Саулық пен сымбат» Алматы, 2009 ж.
29. Илья Т. А. «Педагогика», Алматы «Мектеп», 2009 ж.
30. Ұзақбаева С. «Тамыры терең тәрбие» Алматы, 2010 ж.